

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Философия және саясаттану факультеті**

**Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы**

Философия және саясаттану факультетінің

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНДЕ БЕКІТІЛДІ

№ 5 хаттама 2023 маусым 2023 ж.

Факультет деканы Мейірбаев Б.Б.



**ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

**КР 5207 «Когнитивті психология және педагогика»**

**Мамандық: 6В01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары**

Курс 3

Семестр көктемгі


Кредит саны 5

Алматы 2024 ж.

ПОӘК : 6B01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша дайындаған жалпы және қолданбалы психология кафедрасының PhD Борбасова Г.Н.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының мәжілісінде каралып ұсынылды.

«6» маусым 2023 ж., хаттама № 14

Кафедра меңгерушісі  Мынбаева А.К.

## АЛҒЫ СӨЗ

**Курстың қысқаша сипаттамасы.** Рухани жаңғыру бағдарламасы негізінде психология ғылымы аясында адами коммуникация ерекшеліктері мен индивидуалды сананы дамытуға және қоғамдық сананы модернизациялауға бағытталған тұлғааралық қарым-қарым-коммуникацияның анықтаушы рөлінің танымдық негізін қалыптастырады.

**Курстың мақсаты:** Когнитивті психологияның теориялық және эмпирикалық негіздерін қарастыру, осы пәннің білімдердің репрезентациясы, ақпараттарды өңдеу және когнитивті нейроғылымдар сияқты маңызды бөлімдерін талдау.

**Пререквизиттер:** Мамандыққа кіріспе, Философия, Әлеуметтану

**Постреквизиттер:** Педагогикалық психология

**Студенттің негізгі күзінеттілігінің формалары:**

**Жалпы құзырет:** когнитивті нейроғылымдағы классикалық және заманауи теорияларды түсіндіру және интерпретациялай білу; **функционалды:** Нейроғылым саласындағы зерттеулерде заманауи тәсілдер мен әдістерді қолдану шеберлігін дамыту; **жүйелік:** білімдерді практикада қолдануда өз ойын, әрекетін басқарау алу, жоспарлай білу, тың ұсыныстар айта білу; сәттілікке ұмтылу, тапсырмаларды орындауда зерттеушілік дағдыларын көрсете білу, эсселер, реферат, презентацияларды жасай алуға дайын және икемді болу; **мета құзыреттілік:** Норма және патологияда мидың когнитивтік функцияларын жақсарту/қалпына келтіру бойынша валидті нейротехнологияларды әзірлей алу, рефлексияға қабілеттілік, жетістіктерді дұрыс бағалай алуға, жағдайларды адекватты талдауға үйрену; **әлеуметтік (мінез-құлықтық) құзырет:** Нейроғылым саласындағы зерттеулерде заманауи тәсілдер мен әдістерді қолдану, эксперименттік зерттеулердің әдіснамалық тұрғыдан дұрыс құрылған дизайнын әзірлеу, адами қатынас мәселесін шеше алу, сол мәселені тұжырымдай алу ептілігін меңгеру.

**Студент мыналарды білуі қажет:**

- Когнитивтік психология саласындағы зерттеулердегі әр түрлі тәсілдерді орынды және тұжырымды түрде салыстыру;
- Когнитивтік психологияның даму тенденцияларын оларды өздерінің ғылыми зерттеулерінде одан әрі қолдану мақсатында салыстыру;
- Когнитивтік психологиядағы теориялық және эмпирикалық тәсілдерді дамыту проблемаларын ғылыми гипотезаны құру тұрғысынан бағалау.

**Студент мыналарды меңгеруі қажет:** ғылыми әдебиеттер мен білімінің қайнар көздерін оқу үшін қажетті ізденіс; білімдерді талдау, тәжірибеде тексеру іс-әрекетін; әртүрлі қатынас жүйесінің психологиялық аспектілерін кәсіби зерттеулерде, кәсіби іс-әрекетте және жеке өмірінде қолдана алу тиімділігін арттыруда өз бетінше логикалық түрде жүйелеуді, талдауды, қорытындылауды, эссе, тезистер мен баяндамаларды кәсіби